



PHILOLOGICAL FIELD/ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ/
ФИЛОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

Turkic languages/ Түркі тілдері/ Тюркские языки

Article

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің берілу тәсілдері

Л. Кароли^a, *А. Искакова^b

^aУппсала Университеті, Уппсала, Швеция
(E-mail: laszlo.karoly@lingfil.uu.se)

^bЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: Jumanalievna@list.ru). *Байланыс үшін автор: Jumanalievna@list.ru

ARTICLE INFO

ABSTRACT

Кілт сөздер:
ономасио-
логиялық
бағыт, ұғымдық
категориялар,
функционалды-
семантикалық
өріс,
локативтілік,
ядро, периферия,
тілдік бірліктер,
дүниетаным,
қазақ тілі,
қырғыз тілі.

XGTAMP 16.21.51

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-146-162>

Мақала қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің функционалды-семантикалық өрісін (ФСӨ) талдауға арналған. Функционалды лингвистиканы түркі тіл біліміндегі жаңа бағыттағы зерттеулер деуге болады, өйткені функционалды грамматикаға қатысты еңбектер ХХ ғасырдың соңынан бастап қана шыға бастады. Қырғыз тілінде де бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Кеңістік мағынасын білдіретін тілдік бірліктер осы уақытқа дейін лингвистиканың әртүрлі салаларында жеке қарастырылғанымен, түркітануда бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмады.

Мақала теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады. Теориялық бөлімде функционалды талдаудың негізгі ұғымдарына тоқталады. Атап айтқанда, жүйелі-құрылымдық бағыт пен функционалды бағыт арасындағы айырмашылық айқындалды, тілден тыс саналатын ұғымдық категория функционалды әдістеменің теориялық негізі ретінде қарастырылды, функционалды-семантикалық өріс пен оның құрылымы, ядро, периферия сияқты негізгі терминдерге анықтама беріледі. Практикалық бөлімде жиналған материалдар пайдаланылып, қазақ-қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің ФСӨ-і анықталады. Зерттеу барысында қазақ-қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің ФСӨ-нің ұғымдық негізін кеңістік мағынасы құрайтыны белгілі болды. Жоғарыда аталған тілдердегі фактологиялық деректерді талдау нәтижесі кеңістік мағынасы морфологиялық және лексикалық бірліктерде айқын көрінетінін көрсетті, сол себепті локативтіліктің ядросы поли-

центрлі деген тұжырым жасалды. Ядроның морфологиялық бірліктеріне зат есімнің септік категориясы (барыс, жатыс, шығыс септіктері), көмекші есімдер, үстеу, сұрау, сілтеу есімдіктері және етістік жатады. Ал ядроның лексикалық көрсеткіштері ретінде географиялық терминдер, топонимдер, әртүрлі нысан атаулары мен кеңістіктікті білдіретін дәстүрлі өлшем бірліктері қарастырылды. Ядрода локативтілік нақты көрінсе, периферияда кеңістік мағынасы көмескілене түседі. Периферия қазақ және қырғыз тілдерінде тұрақты тіркестермен және син-таксистік бірліктермен (сөз тіркестері және сөйлеммен) беріледі.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің ФСӨ-нің ұғымдық базасы ортақ, өрістердің құрылымы мен локативтілікті білдіретін тілдік бірліктері ұқсас. Алайда әр халықтың танымы мен мәдени ерекшеліктеріне байланысты, семантикалық узалды семаларда айырмашылықтар бар. Бұл айырмашылықтар дәстүрлі өлшем бірліктері мен тұрақты тіркестерде айқын байқалады. Мәселен, локативтілікті білдіретін фразеологизмдердің мағыналары кейде жақын болғанымен, әр тілде әртүрлі контексте қолданылады.

Зерттеу нәтижелері қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің ФСӨ-ін анықтауға мүмкіндік берді және бұл мәселеде қос тілдің құрылымы мен тілдік бірліктерінің ұқсастығы, айырмашылықтары көрсетіліп, түркі тілдерінің функционалды-семантикалық жүйелеріндегі бірқатар тұжырымдарды анықтауға жол ашты.

L. Karoly^a

^aUppsala University, Uppsala, Sweden
(E-mail: laszlo.karoly@lingfil.uu.se)

*A. Iskakova^b

^bL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail: Jumanalievna@list.ru)

*Corresponding author: Jumanalievna@list.ru

Ways of expressing locativity in Kazakh and Kyrgyz languages

Abstract. The article analyzes the functional-semantic field (FSF) of locativity in the Kazakh and Kyrgyz languages. Functional linguistics in Kazakh is a relatively new field of study, with research on functional grammar emerging only in the late 20th century. In the Kyrgyz language, however, there is a paucity of scholarly work on this topic. Previous studies on linguistic units conveying spatial meaning have been conducted in isolation, and this issue has not been systematically addressed in Turkology.

Received 10 October 2024. Revised 03 November 2024. Accepted 25 February 2025. Available online 30 March 2025.



Дәйексөз үшін: Л. Кароли, А. Искакова Қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің берілу тәсілдері // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 1. 146-162 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-146-162>

For citation: L. Karoly, A. Iskakova Ways of expressing locativity in Kazakh and Kyrgyz languages // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 1. P. 146-162. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-146-162>

The article is divided into theoretical and practical sections. The theoretical part outlines the key concepts of functional analysis, including the distinction between systemic-structural and functional linguistics, the concept of extra-linguistic categories as the foundation of functional methodology, and the definition and structure of the FSF, consisting of a core and a periphery. In the practical section, based on collected data the FSF of locativity in Kazakh and Kyrgyz is determined. The study reveals that the conceptual basis of the FSF of locativity in both languages is grounded in spatial meanings. The core of the locativity field is polycentric, with spatial meaning expressed through both morphological and lexical units. Morphological elements in the core include the noun case markers (dative, locative, ablative), auxiliary parts of speech, adverbs, interrogative and demonstrative pronouns, and verbs. Lexical indicators include geographical terms, toponyms, different types of objects and units of measurement related to space. In the periphery, the spatial meaning becomes less distinct, manifesting through phraseological units in Kazakh and Kyrgyz, as well as syntactic structures such as phrases and sentences.

The FSF of locativity in both languages shares a common conceptual foundation, exhibiting similar structures and linguistic units for expressing locativity. However, the fields differ in terms of their inherent semes. The differences are particularly noticeable in traditional units of measurement and fixed expressions, thereby facilitating a more profound comprehension of their structural intricacies and distinctive characteristics. These differences reflect the diversity of spatial perception and locativity across different cultures.

The study establishes new possibilities for the comparative analysis of the functional and semantic systems of Turkic languages, thereby enhancing our comprehension of their structure and distinctive characteristics.

Keywords: onomasiological approach, conceptual categories, functional-semantic field, locativity, core, periphery, linguistic units, worldview, Kyrgyz language, Kazakh language.

Л. Кароли^а

*^аУппсальский университет, Уппсала, Швеция
(E-mail: laszlo.karoly@lingfil.uu.se)*

***А. Искакова^б**

*^бЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика
Казахстан*

(E-mail: Jumanalievna@list.ru)

**Автор для корреспонденции: Jumanalievna@list.ru*

Способы выражения локативности в казахском и кыргызском языках

Аннотация. Статья посвящена анализу функционально-семантического поля (ФСП) локативности в казахском и кыргызском языках. Функциональная лингвистика в тюркском языкознании является новым направлением исследований, поскольку труды, посвящённые функциональной грамматике, начали появляться только с конца XX века. В кыргызском языке научные исследования в этом направлении практически отсутствуют. Языковые единицы, выражающие пространственное значение, ранее рассматривались отдельно в различных областях лингвистики, однако в тюркологии эта проблема не была предметом специального исследования.

Статья состоит из теоретической и практической частей. В теоретической части статьи излагаются основные термины функционального анализа, в частности, различие между системно-структурной и функциональной лингвистиками, рассмотрение понятийной внеязыковой категории как базовой основы функциональной методологии, определение понятия ФСП, его структуры, состоящей из ядра и периферии и т.д. В практической части на основе собранных материалов определяется ФСП локативности в казахском и кыргызском языках. В процессе проведенного исследования выявлено, что понятийную основу ФСП локативности в казахском и кыргызском языках составляют пространственные смыслы. Исследование фактологического материала показало, что ядро поля локативности является полицентрическим, поскольку значение пространства наиболее ёмко выражают и морфологические и лексические единицы. К морфологическим единицам ядра относятся категория падежа имени существительного (дательный, местный, исходные падежи), служебные части речи, наречия, вопросительные и указательные местоимения и глаголы. Лексические показатели ядра включают географические термины, топонимы, разного вида объекты и единицы измерения, выражающие пространство. В периферии поля пространственное значение «тускнеет» проявляется неярко, что выражается фразеологизмами казахского и кыргызского языков, синтаксическими единицами (словосочетаниями и предложениями).

ФСП локативности в казахском и кыргызском языках имеют общую понятийную базу, структура полей и взаимодействие различных единиц для выражения семантики локативности также идентичны. Однако поля различаются семантически узуальными семами. Различия особенно заметны в традиционных единицах измерения и устойчивых выражениях, где контекстуальные особенности каждого языка влияют на использование локативных фразеологизмов. Эти различия свидетельствуют о разнообразии восприятия пространства и локативности в разных культурах.

Результаты исследования открывают новые перспективы для сравнительного анализа функционально-семантических полей тюркских языков, углубляя понимание их семантического потенциала в выражении различных понятийных категориях, а также определение многообразия формальных средств.

Ключевые слова: ономазиологическое направление, понятийные категории, функционально-семантическое поле, локативность, ядро, периферия, языковые единицы, мировоззрение, казахский язык, кыргызский язык.

Кіріспе

Тіл білімі зерттеудің функционалды аспектісіне өткен ғасырдың орта шенінен бастап ерекше қызығушылық танытып келеді. Функционалды бағыттың негізінде тілдік бірліктердің мазмұндық жағын сипаттау, тілдегі ұғымдық категорияларды алға шығару жатыр. Ерекшелігі – зерттеу барысында тілдік бірліктердің мағынасы мен сөйлеу кезіндегі қызметіне ерекше басымдылық берілуі. Функционалды-семантикалық бағытта мағынасы, функциясы ұқсас әртүрлі тілдік бірліктерді біріктіру арқылы талдау жасалынады. Бұл бағыт құрылымдық және семантикалық грамматиканың әдістерін пайдалана отырып, тілдік бірліктерді жан-жақты зерттеуге, лексика мен грамматиканың өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік береді. Функционалды-семантикалық өрістің маңызды тұсының бірі – тілдегі ұқсастық пен айырмашылықтарды анықтайтын

салыстырмалылық. Барлық тілдер белгілі бір жалпы семантикалық категория арқылы байланысады, біз осындай категория ретінде кеңістікті алдық. Функционалды лингвистикада барлық тілдік емес ұғымдар латынша беріледі, сондықтан мақаламызда кеңістік орнына локативтілік терминін пайдаланамыз.

Локативтілік – кеңістіктің тілдегі ұғымдық мәнін білдіретін семантикалық категория. Адам туғаннан бастап кеңістікпен тығыз байланысты. Қоршаған орта, дене бітімі, өзінің тұратын жері сияқты қарапайым заттарды зерттеу арқылы оң-сол, алыс-жақын, үсті-асты, қашықтық, биіктік сөздерінің мағынасын меңгереді. Ол – әлемнің кез келген географиялық аймағындағы барлық адамдарға таныс, ұлттың өмір сүру жағдайына тәуелсіз әмбебап категория. Демек әр халықтың кеңістікті әртүрлі қабылдауына, тілдегі локативті білдіретін бірліктердің әртүрлі болуына қарамастан, бұл категория барлық ұлттың танымында кездеседі. Зерттеу жұмысымызда осындай қарапайым әрі күрделі ұғымның мағынасын ашып, қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің функционалды-семантикалық өрісін анықтаймыз.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында негізгі материал ретінде І. Есенберлиннің үш томнан тұратын «Көшпенділер» (2014) тарихи роман-эпопеясы және қырғыз жазушысы Т. Касымбековтың «Сынған кылыч» (2018) тарихи романдары алынды. Шығармалардың тақырыптық, жанрлық жағынан ұқсас болуы талдауды нақты әрі сапалы жүргізуге, әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді өзара салыстыруға септігін тигізді. Сонымен қатар, «Лингвистикалық сөздік» (1990) және сөздердің, тұрақты тіркестердің мағынасын ашуда «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966), «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы (2011), «Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық» 2-томы (2011) пайдаланылды. Мақаланың мақсаты мен міндеттерін толыққанды ашып көрсету үшін семасиологиялық (формадан мағынаға) және ономасиологиялық бағытқа (мағынадан формаға) негізделген функционалды әдістеме негізге алынды. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің функционалды-семантикалық өрісін анықтауда семантикалық талдау, өрісті құрылымдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Функционалды лингвистика – тілді қарым-қатынас құралы ретінде сипаттайтын құрылымдық лингвистиканың бір саласы ретінде пайда болған мектептер мен бағыттардың жиынтығы (ЛЭС, 1990: 556). Функционализмнің міндеті – тілдік форманы оның функциясы арқылы түсіндіру. Тілде функционалды бағыттың өзіндік тарихы мен зерттелу жүйесі бар. Алғашқы ойлар В. Гумбольдт, А.А. Потебня, Г. Габеленц, И.А. Бодуэн де Куртенэнің еңбектерінде айтыла бастады. Г. Габеленц қытай тілінің грамматикасы негізінде тілді формадан мазмұнға, мазмұннан формаға қарай сипаттады. И.А. Бодуэн де Куртенэ орыс тіліндегі сан категориясын білдіретін тілдік құралдардың әртүрлілігіне назар аударды. Кейіннен оның идеялары А.В. Бондарконың зерттеулерінде жалғасын тапты. Функционалды грамматиканың дамуында Л.В. Щерба, В.В. Виноградов, О. Есперсен, И.И. Мещанинов, т.б. еңбектері маңызды рөл атқарды. Л.В. Щерба кез келген тілді зерттеуде мағынаға басымдық берген жөн деп санайды. В.В. Виноградов лексика-грамматикалық кластардың сипаттамасында олардың сөз формаларын қарастырып,

грамматикалық категориялардың қызметтерін сипаттайды. Мысалы, зат есімнің көпше түрінің қолданыстағы қызметі, сөз формаларының сөйлеудегі қолданысы т.б. Ал И.И. Мещанинов функционалды грамматиканың бірліктері үшін негіз болып саналатын ұғымдық категориялар жүйесін жасады. Дат ғалымы О. Есперсен ұғымдық және грамматикалық категориялардың арақатынасын ашып көрсетіп, тіл қоршаған әлемнің моделі деп тұжырым жасады.

1976 жылы үшінші халықаралық функционалды лингвистика семинар-симпозиумында әртүрлі елдер мен мектептердегі функционалист зерттеушілердің жұмыстарын үйлестіру, бақылау мақсатында халықаралық «Функционалды лингвистика қоғамы» құрылды. 1974-1978 жылдар аралығында Нидерланды, Франция, Испания және Грекияда бірқатар функционалисттер форумы өтті. Функционалды бағытта Прага лингвистикалық мектебі, француз, ағылшын, голландия мектептері жұмыс жасады. Функционалды зерттеулерде Прага лингвистикалық мектебінің концепциялары ерекше орын алады (В. Матезиус, Б. Гавранек, В. Скаличка, Б. Трнка, Р. Якобсон, Н.С. Трубецкой т.б.). Прага лингвистикалық мектебі тілді функционалды жүйе, мағынаны білдіру құралдарының жүйесі ретінде анықтады (Шаймердинова, 2002: 7-9).

Орыс тіл білімінде функционалды грамматикаға қызығушылық тілдерді шет тілі ретінде оқытудан басталды. Үйренуші ойын қалай дұрыс жеткізе алады деген сұрақ қызу талқыға түсті (Ярцева, 1985: 68). XX ғасырдың 60-жылдары функционалды өрлеу болды. Кеңес одағы кезінде функционалды грамматиканың теориялық мәселелерімен В.Г. Адмони, Й. Трир, А.В. Бондарко, Н.А. Слюсарева, Н.Ю. Шведова т.б. айналысты. Функционалды-семантикалық өріс тұжырымдамасына негізделген функционалды бағыттың негізгі ережелері мен принциптерін А.В. Бондарко мен оның мектебі құрастырды. Бұл мектептің тұжырымдамалары «Теория функциональной грамматики» атты алты томдық ұжымдық еңбекте көрініс тапты (Шаймердинова, 2002: 10). Кеңістік қатынастар, локативтілік М.Д. Ахундов, В.Г. Гак, Р.А. Агеева, А.Д. Великорецкий, М.В. Всеволодова т.б. еңбектерінде жарық көрді.

Отандық зерттеулерге тоқталар болсақ, функционалды бағыттағы алғашқы нышандар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектерінде көрініс тапқан. А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» (1915) еңбегінің екінші бөлімінде етістіктің категорияларына тоқталып, оларға сипаттама беруде тілдік таңбаның мағыналық жағын негізге алған. Қ. Жұбановтың «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» (1936) атты мақаласында отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктерінің бірнеше мағыналық реңктерін анықтаған. Осы бағыттағы С.Аманжоловтың «Септік жалғауларының қызметі» атты мақаласын ерекше атап өтуге болады. Одан бөлек, М.М. Копыленко «Средства выражения количества в русском языке» (1993), З.К. Ахметжанова «Функционально-семантические поля русского и казахского языков (опыт сопоставительного исследования)» (1989), Н.Г. Шаймердинова «Функционально-семантические микрополя прошедшего времени в русском и казахском языках» (1994), К.К. Дуйсекова «Семантика глаголов ориентированного положения в пространстве в казахском языке» (1996), Ж. Жақыпов «Қазақ тілінің функционалды синтаксисі» (1999), А. Салқынбай «Функционалды грамматика очерктері» (2003), М. Жолшаева «Аспектуалды семантика: форма және мазмұн» (2009), «Қазақ тілі: функционалды грамматика» (2016), Г.Сәрсек «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» (2011), А. Жаңабекова «Қазақ тіліндегі функционалды-семантикалық темпоралдық категориясы» (2012) т.б. ғалымдардың еңбектері бар.

Қазіргі зерттеулерден түркі тілдеріндегі локативтілік бойынша жазылған бірнеше диссертациялық жұмыстар бар. Атап айтар болсақ, И.А. Невская «Типология локативных

конструкций в тюркских языках Южной Сибири: На материале шорского языка» (1997), Ю.У. Хочавава «выражение пространственных отношений в кумыкском языке» (2011), И.Ф. Миргалимов «Категория локативности в современном татарском литературном языке» (2018) т.с.с.

Талдау

Ұзақ уақыт бойы лингвисттерді тіл мен ойлаудың арақатынасы мәселесі қызықтырып келеді. Уақыт өте келе зерттеудің екі бағыты дамыды: семасиологиялық және ономасиологиялық, яғни, ойлау категорияларынан тілдік формаға және тілдік формадан ойлау категориясына қарай зерттеу. Құрылымдық-жүйелік бағыт «тілдік жүйе қалай құрылған?» деген сұраққа жауап іздейтін болса, функционалды бағыт тілдік жүйе «қалай қызмет атқарады?» деген сұраққа жауап береді (Бондарко, 2001:6). Құрылымдық-жүйелік лингвистика семасиологиялық әдісті қолдана отырып, тілдік бірліктерді формадан мағынаға қарай зерттейді. Функционалды лингвистика семасиологиялық бағытты ономасиологиялық бағытпен үйлестіріп, мағынадан формаға, функциядан тілдік құрылымдарға қарата зерттейді. Функционалды лингвистика біріншіден, тілдік бірліктердің семантикасын, мағынасын зерттейді. Екіншіден, функционалды бағыт қарым-қатынас құралы ретінде тілдің қызметіне айтарлықтай мән береді. Дәстүрлі грамматика тыңдаушыдан айтушыға қарата қолданылады. Мысалы, өзге ұлт өкілдері тілді үйренгенде барыс септік бағыт мағынасын білдіреді деген сияқты бірінші тілдің құрылымын, содан соң мағынасын үйренеді. Ал функционалды грамматикада, керісінше, айтушыдан тыңдаушыға бағытталған. Семантикалық функциясының ортақтығы негізінде әртүрлі тілдік бірліктер біріктіріліп, сол арқылы айтушы тыңдаушыға өз ойын жеткізеді. Демек, айтушы сөйлем құрау кезінде мағынадан тілдік құралдарға қарай ауысады. Мағынадан формаға ауысу грамматиканың заңдылықтарына қарсы келмейді, себебі сөйлеу кезінде адамның танымдық ойлау жүйесі іске қосылады. Функционалды бағыттың ерекшелігі – біріншіден, тілді қызметі тұрғысынан; екіншіден, тілді құрылымы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. А.В. Бондарко ең маңызды ерекшелігі ретінде жалпы семантикасы негізінде көп деңгейлі тілдік құралдарды біріктіретін жүйелі-интеграциялық сипаты деп атап кетеді. Дегенмен, тілдік материалды талдауда осы екі бағыттың үйлесуі айтушы мен тыңдаушы рөліндегі айырмашылықтарды анықтап қана қоймай, олардың сөйлеу кезіндегі өзара әрекеттесуін сипаттап, бір-бірін толықтырып отырады.

Мағынаны зерттеу тілден тыс факторларға, ұғымға немесе ұғымдық категорияларға негізделген. Ұғымдық категория туралы И.И. Мещанинов: «Субъект – есть понятийная категория. Подлежащее является его грамматическим понятием. Оно выделяется синтаксическим положением, получает морфологическое падежное оформление и т.д. Предметность есть понятийная категория, а имя существительное оказывается грамматическим понятием, передающим понятийную категорию предметности» (Мещанинов, 1945: 63) – дейді. Функционалды лингвистикада барлық тілдік емес ұғымдар латын терминдерімен аталады. Мысалы, уақытты білдіретін ұғым темпоралдық; кеңістік – локативтілік; себеп – каузативтік; сапа – квалификативтілік; сан – квантативтілік т.с.с. Сол себепті барлық семантикалық бірліктерді белгілеу үшін жоғарыда көрсетілген латын терминдері қолданылады. Сондай-ақ, ұғымдық категориялар тілдік тұрғыда семантикалық категория деп аталады.

Тілді функционалды тұрғыдан зерттеу функционалды грамматикамен тығыз байланысты. Функционалды грамматика белгілі бір мағыналарды тұжырымдауға қызмет ететін әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдар жүйесін қарастырады. Ол – грамматикалық бірліктердің қызмет ету заңдылықтарын зерттейтін лингвистиканың бір бөлімі. А.В. Бондарконың айтуынша, «*Функционалды грамматика – а) семантикалық категорияларды сипаттайтын, белгілі бір тілдегі әртүрлі грамматикалық құралдар мен олардың лексикалық, контекстуалдық әрекеттесуіне сүйенетін грамматика; б) грамматикалық формалар мен құрылымдардың заңдылықтары мен ережелерін сипаттауға бағытталған грамматика. Олар тіл жүйесінің әртүрлі деңгейіндегі бірліктермен өзара әрекеттесіп, айтылым мазмұнын жеткізуге қатысады*» (Бондарко, 2001: 33). Осылайша, функционалды грамматика мазмұнды беру үшін тілдік бірліктердің қызметін сипаттайды және зерттейді. Бұл бағыттағы негізгі терминдердің бірі – функционалды-семантикалық өріс. Семантикалық өріс терминін алғашқылардың бірі болып қолданған – Г. Ипсен. Оның анықтамасы бойынша, семантикалық өріс – жалпы мағынасы бір сөздердің жиынтығы. Аталған ұғымның көптеген түсіндірмесі бар. Й. Трир адам санасында лексикалық бірліктер мағына жағынан бір-бірімен біріктірілгенін аңғара келе, семантикалық өріс – ол ұқсас мағыналар тобы деген анықтама береді (Боровикова, 1989: 27). Й. Трирдің еңбектері өріс теориясын дамытуға түрткі болды. Ал А.В. Бондарко – Ресейдегі функционалды грамматика мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ол алғаш функционалды-семантикалық өріс (ФСӨ) терминін енгізіп, өріс құрылымын анықтады және зерттеумен жүйелі түрде айналысты. А.В. Бондарконың анықтамасы бойынша, *функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – екіжақты мазмұнды-формальді бірлік. Бұл бірлік белгілі семантикалық топқа жататын лексикалық, лексика-грамматикалық, сөзжасам элементтерімен өзара әрекеттесетін тілдің грамматикалық құралдар арқылы (морфологиялық және синтаксистік) жасалады*» (Бондарко, 2001: 40). Функционалды-семантикалық өріс – бұл семантикалық анализ жүргізілетін әдістеме. ФСӨ ядро және перифериядан тұрады. М.М. Гухман кез келген өрісте иерархия бойынша тең емес компоненттер бар деп санайды, бұл жағдай өрісті ядро мен периферияға бөлуді қажет етеді (Гухман, 1971: 169). Ядроға мағынасын нақты білдіретін тілдік бірліктер жатады, ал периферияға мағынасы көмескіленген бірліктер енгізіледі. Ядро мен периферия арасы біртіндеп алшақтай береді. ФСӨ құрылымдық жағынан екі түрге бөлінеді: моноцентрлік және полицентрлік өріс. Моноцентрлік өрістің тұтас бір ғана өзегі болады. Полицентрлік өріс бірнеше сфераларға бөлінуімен ерекшеленеді. Олардың әрқайсысының өзіндік ядросы мен перифериясы болады. Кез келген жүйеге тұтастық тән. Бұл ФСӨ-те тұтастық ортақ семантикалық категория арқылы көрініс табады. Енді категориялық жағдай түсінігіне назар аударайық. Категориялық жағдай – ол аспектуалдылық, темпоралдық, локативтілік сияқты ситуациялар түр болып саналатын тектік ұғым (Бондарко, 2001: 24). Категориялық жағдай (КЖ) маңызды ұғымдардың бірі, ФСӨ-тен кем емес деп айтуға болады. ФСӨ осы жүйенің құрылымын анықтаса, КЖ семантикалық категориялардың қолданыстағы көрінісін көрсетеді. Семантикалық категория ФСӨ және КЖ ұғымдарымен тікелей байланысты. Семантикалық категориялар (уақыт, кеңістік, сан, сапа т.б.) әртүрлі тілдік бірліктермен біріге отырып, ФСӨ-тің маңызды негізін құрайды. Басқаша айтқанда, ФСӨ – екіжақты парадигматикалық жүйе: мазмұны белгілі бір семантикалық категория, ал құрылымы бір мағынаны беретін әр деңгейдегі тілдік құралдар. Осы жерде бұл элементтердің қайсысы бірінші деген сұрақ тууы мүмкін. Мынандай байланыста қарастыруға болады: семантикалық категория – функционалды-семантикалық өріс – категориялық жағдай.

Семантикалық категория алғашқы, себебі ол әмбебап жалпы мағынаға ие. Келесі ФСӨ жүйелі тілдік құрылымды құрады. Соңғы КЖ, өйткені ол сөйлеу кезеңімен байланысты (Бондарко, 2001: 28)

Бұл мақалада түркі тілдеріндегі, оның ішінде, қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің функционалды-семантикалық өрісі қарастырылады, сондықтан локативтілік ұғымын қарастырайық. А.В. Бондарко локативтілікті семантикалық категория ретінде қарастырады. «*Ол ойлау категориясы ретінде кеңістіктің тілдік интерпретациясын білдіреді, сонымен қатар, ФСӨ ретінде кеңістік қатынасты білдіретін әртүрлі тілдік бірліктерді қамтиды*» – деген анықтама береді (Бондарко, 1996: 5). Локативтілік латынның «localis» сөзінен шыққан. Локативтіліктің үш мағынасы бар: 1) кеңістік; 2) территория; 3) оқиға орны. Кеңістік нақты ғылымдарда және лингвистикада белгілі бір материалдық нысанның орналасуын көрсететін «орын» категориясы арқылы көрініс табады. Кеңістікте үш негізгі процесті ажыратуға болады: орналасу, қозғалу және орын ауыстыру. Қозғалу – кеңістіктегі кез келген белсенді процес; орналасу – бір жерге ауысу; орын ауыстыру – бағыттың, жазықтықтың, позицияның өзгеруі. Бұл процестердің барлығы адам өмірінде өз қызметін тапты, әрқайсысын білдіретін сөздер мен формалар қалыптасты. Тіл білімінде локативтілік грамматикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік бірліктер арқылы көрінеді.

Ендігі кезекте мақаламызға негіз болып отырған қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің ядросы мен перифериясын қарастырайық. Біздің көзқарасымыз бойынша, аталған тілдердегі локативтіліктің ядросы полицентрлі, өйткені ол морфологиялық және лексикалық бірліктерден тұрады. *Морфологиялық бірліктеріне септік категориясы, көмекші есімдер, үстеу, есімдік және етістіктер жатады. Ал лексикалық бірліктеріне әртүрлі тақырыптық топтардың лексемалары, атап айтқанда, географиялық терминдер, топонимдер, діни кеңістік атаулары, кеңістікті білдіретін дәстүрлі өлшем атаулары жатады.*

Ядроның морфологиялық бірліктері:

Септік категориясы. Барыс септігі Кімге? Неге? Қайда? сұрақтарына жауап береді. Көрсеткіштері қазақ тілінде -ға\ге, -қа\ке, -на\не, -а\е жалғаулары арқылы берілсе (хан тағына, Дешті Қыпшаққа, төбеге), қырғыз тілінде -ға\ге\го\гө, -ка\ке\ко\кө арқылы көрініс табады (дөңгө, килемге, сууга).

Қаз.: Күйік төртінші жылы қалың қосынмен Тарбағатай тауынан түсіп, Алтын Ордаға қарай бет алған (Есенберлин, 2014: 9).

Қырғ.: Европаға жүрүш кылууга жарай турган мыкты артиллериясы бар (Касымбеков, 2018:7). Барыс септігі бағыт мағынасын білдіріп тұр.

Жатыс септігінің сұрақтары Кімде? Неде? Қайда? қазақ тіліндегі көрсеткіштері -да\де, -та\те, -нда\нде болса (үстінде, ортасында, далада), қырғызша -да\де\до\дө, -та\те\то\тө (дөңдө, ат үстүндө). Қаз.: Еділ өзенінің сағасындағы Алтын Орда астанасы Сарай қаласынан «Сарыарқадағы елімді көремін» деген сылтаумен он түмен қолмен Күйікке қарсы жүрген (Есенберлин, 2014: 10). Қырғ.: Ага жеткенде генерал Черняев темир курчоодо калмакчы (Касымбеков, 2018: 8).

Жатыс септік мекенін, қай жерде екенін көрсетеді. Сондай-ақ, барыс және шығыс септіктерінен ерекшелігі мезгіл мағынасын да білдіреді (көктемде, түсте)

Шығыс септігінің сұрақтары Кімнен? Неден? Қайдан? Қазақ тіліндегі жалғаулары -нан\нен, -дан\ден, -тан\тен (ішінен, ауылдан, Сарай қаласынан), қырғыз тілінде -дан\ден\дон\дөн, -тан\тен\тон\төн (ордодон, үзөнгүдөн, бийктен). Қаз.: Леклек боп, борт-борт желген қалың қосынның будақтатқан шаңы алыстан жер бетінен

көтерілген бұлт тәрізді. (Есенберлин, 2014: 9). Қырғ.: Алыстан ат кишенейт (Касымбеков, 2018: 6). Мысалдарда шығыс септігі әрекеттің қайдан бастау алғанын, шыққан жерін көрсетіп тұр.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі барыс, жатыс, шығыс септіктерінің білдіретін мағынасы бір, тек жалғауларында дыбыстық өзгерістер бар.

Көмекші есімдер. Алд, арт, үст, аст, қас, маң, жан, жағ, сырт, бет, шет сияқты көмекші есімдер нысанның қайда тұрғанын анықтауға көмектеседі. Көмекші сөздердің басқа сөз таптарынан ерекшелігі түбір формасында жеке дара қолданылмайды, міндетті түрде қосымша жалғанады. Тек қана алд, арт, аст деп айтатын болсақ, тыңдарманға түсініксіз болады, сондықтан алдында, алда, алдынан, артқа, жанына, қасынан, маңынан деген сияқты жалғауларды қосып айтамыз.

Т. Касымбековтың «Сынған кылыч» романында бір ғана жақ сөзінің көптеген тіркесімі бар. Мысалы, *үстү жагында, жогору жагында, оң жагында, сол жагында, эки жагында, бир жагында, кол жагында, кайсы жагында, каптал жагында, күн чыгыш жагында* т.б. Байқап отырғанымыздай, сөз тіркестерінің жасалу жолы қызық әрі күрделі. Аналитика-синтетикалық жолмен жасалып тұр және екі компоненті де, грамматикалық формасы да локативті білдіреді. Үст + ү жағ + ы + нда деген мысалды алатын болсақ, үст және жағ орынды білдіретін көмекші есімдер; -нда жатыс септігінің жалғауы. Қырғ.: Алды жагынан да, үстү жагынан да айланып өтушкө болбой, кайра артка кайрылышты (Касымбеков, 2018: 384).

Жалпы мынадай конструкциялармен беруге болады:

- а) Көмекші есім + көмекші есім + жатыс септігі: *үстү жагында, алды жагында*
- ә) Бағыт + көмекші есім + жатыс септігі: *оң жагында, күн чыгыш жагында*
- б) географиялық атау + көмекші есім + жатыс септігі: *кол жагында*
- в) үстеу + көмекші есім + жатыс септігі: *жогору жагында*
- г) сұрау есімдігі + көмекші есім + жатыс септігі: *кайсы жагында*
- ғ) сан есім + көмекші есім + жатыс септігі: *эки жагында*

Үстеу. Біз локативті қарастырғандықтан, үстеудің тек мекен үстеу мағыналық түріне тоқталамыз. Мекен үстеуі ол – әрекеттің болу орнын, бағытын білдіреді. А.В. Бондарконың еңбегіне сүйене отырып, мекен үстеуінің мынадай түрлерін анықтадық:

а) *абстракттілі немесе белгісіздік үстеулері* (әлдеқайда, қайда болмасын, бір жерден т.б.);

Қаз.: Ал әлдеқайда кіре қалған етрат бұраңдап жатқан жолмен бекініс ортасындағы шепке жеткенше Қыпшақтың бірер жігітінің шірене тартқан садағының сауыт бұзар жебесіне душар болады (Есенберлин, 2014: 52).

...бәрінің арманы бір жерден түйіскен соң, ағайын басына күн туған шақта көмек беруге келгендерін айтты (Есенберлин, 2014: 61).

б) *қатыстық* (алда, артта, жоғары, төмен, батыс, шығыс т.б.);

Қаз.: Енді осы дарияның бойымен жоғары қарай жүріп отырып, Үргеніштің тұсынан шықты (Есенберлин, 2014: 144). Қырғ.: Ышы буркураган кара чаначка кымыз алып, тыштан кедей-бай кирди (Касымбеков, 2018: 61).

Көне түркі кезеңінде түркілер әлем төртбұрышты деп ойлап, батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік осы төрт бағыт арқылы бағдар алған. Сол кезден бері дамып, лексикалық қорымыз күншығыс, күнбатыс, күнгей деген сияқты сөздермен толықты. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативті анықтауда бұл сөздер тобының маңызы зор, себебі олар кеңістікті бағдарлаудың алғашқы үлгілері болды. Қаз.: Ұлытаудың күнгей жагында, Қаракенгір өзенінің сол жақ жағасында Әбілқайыр ханның ордасы – Орда-Базар қаласы тұр (Есенберлин, 2014: 78).

в) *нысанға қатысты қашықтықты белгілейтін бағалау* (жақын, алыс т.б.). Қырғ.: Шады ынак хандық мөөр басылған қағазды алыстан көрсөтүп, бийик кармап өзіу тооп кылып алды (Касымбеков, 2018: 61).

Сұрау есімдіктері. Локативтілік жалпы және жан-жақты түсінік, сәйкесінше берілу жолдары да әртүрлі. Есімдіктердің ішінде *қайда? қайдан? қай жерде?* т.б. сұрау есімдіктері локатив мағынасын береді. Қаз.: Қобыланды батыр қайда екен? (Есенберлин, 2014: 127).

Қаз.: Қыруар елді өсіп келе жатқан бықыған малымен қайда апармақ? (Есенберлин, 2014: 185).

Екі сөйлемді салыстырып көрейік. Екеуіне де қайда сұрағы қолданылғанымен, мағынасы әртүрлі. Біріншісінде «қайда екен?» деп, мекенін, орналасқан жерін сұрап тұр. Романда «Торғай өзенінің бойында» деп жауап береді (жатыс септігі). Екіншісінде «қайда апармақ?» деп, бағытын сұрап тұр, жауабы Жуанарық өңіріне (барыс септігі). Бұл орайда сөйлемнің етістіктері маңызды рөл атқарады. Бірі статика, екіншісі динамиканы көрсетіп тұр. Бағыт мағынасындағы қайда сұрағына «қай жерге?» синонимін қолдануға болады. Қаз.: Ол қай жерге хан Ордасын көшірсе де, өзінің алғашқы туын тіккен Орда-Базарға қайтып орала беретін (Есенберлин, 2014: 85). Ал мекен мағынасындағы «қайда?» сұрағына мағыналас сөз «қай жерде?». Сондықтан оның зиратының қай жерде екенін тірі жауы білмеуі керек (Есенберлин, 2014: 26). *Қайдан? қай жерден?* сұрақтары нысанның шығу орнын білдіреді. Қаз.: Сондай жайлауды қайдан табады? (Есенберлин, 2014: 185).

Сілтеу есімдіктері нұсқау, меңзеу, көрсету мағынасын береді (*мұнда, анда, сонда, осында* т.б.). Қаз.: Мұнда да тыныш жүрмей Ақсақ Темірдің тұқымы екенін пайдаланып, Түркістанға әмір болады (Есенберлин, 2014: 117).

Қырғ.: Кокон абад шааридан

Клиптир мунда би оглан (Касымбеков, 2018: 606).

Етістіктер. Локативті білдіруде кеңістік мағынасындағы етістіктердің маңызы зор. Етістіктер кеңістік қатынастарды білдіру сипатына байланысты үш топқа бөлінеді: а) *кеңістіктегі орналасуды білдіретін етістіктер* (тұру, жату, отыру, ілініп тұру т.б.). Мысалы, Қырғ.: мындан нары да кереги тийіп калар, кереги тийбесе баатырдан калған эстелик болуп, керегеңиздин башында илинип турар... (Касымбеков, 2018: 32). Қаз.: Хан нөкерлері де үйдегілермен үнсіз амандасты да, дәрежелеріне қарай тиісті орындарына отырды (Есенберлин, 2014: 103);

б) *кеңістіктегі қозғалысты білдіретін етістіктер* (бару, келу, жүгіру, көшу т.б.). Мысалы, Қырғ.: үйүнө барды (Касымбеков, 2018: 79). Қаз.: Ақжол ауылына көңіл айтуға аттанды (Есенберлин, 2014: 101);

в) *кеңістік қатынастарды білдіретін етістіктер* (көтерілу, төмен түсу, жақындау, бет алу т.б.). Мысалы, Қаз.: Еділ, Днепр бойларынан Қыпшақтар қуған төркі елі Дунай өзенінен өтіп, Византияға жақындады (Есенберлин, 2014: 57). Қырғ.: Тез артқа чегинип, жолдун онутуна бет алды (Касымбеков, 2018: 93).

Ядроның лексикалық бірліктері:

Кеңістік қатынастарды білдіруде әрекет орнын белгілейтін сөздер маңызды рөл атқарады. Локатив мағынасы бар сөздердің келесідей топтарын бөліп көрсетуге болады: А) *географиялық терминдер* (теңіз, көл, құз, бөгет, сай, төбе, дөң, дала т.б.)

Қырғ.: Тууган да, ичтен табалап турган кутум да чуу көтөрө өкүрүп, тоо арасы кошул-ташыл теуңселди (Касымбеков, 2018: 226).

Қаз.: Кермиық сары дала өлік тәрізді үрейлі, моладай азынаған суық (Есенберлин, 2014: 369). Осындағы «сары дала» сөзіне тоқталамыз. «Көшпенділердің» бірінші томында

«етрақ» деген көне түрікше нұсқасы бар. Одан бөлек, 1897 жылғы «Киргизско-русский словарь» еңбегінде «самиян» деген нұсқасы кездеседі. Бұл туралы Н.Г. Шаймердинова өзінің ««Киргизско-русский словарь» (1987): культурные и языковые экспликации» атты мақаласында *Самиян* «безжизненная степь», в современном казахском слово отнесено к диалектизму: «самиян, III как историзм означает – ұшы-қиыры жоқ, елсіз, сусыз кең дала – сары дала, сахара», – дейді (Шаймердинова, 2019: 80). Демек, сары дала – шөбі, суы жоқ елсіз деген мағынаны береді.

Б) *Топонимдер*. «Алмас қылыш» және «Сынған қылыч» романдарында кездесетін жер-су атауларының бірнеше түрлерін анықтадық:

- *Оронимдер* – тау, шың, құз атауларын білдіреді (Тарбағатай тауынан, Қаратау маңынан, Тянь-Шань т.б.). Қаз.: Ұлытауға келіп туын тікті (Есенберлин, 2014:62).

- *Хоронимдер* – белгілі территория, мемлекет атаулары (Славян елдері, Мадиярлардың жерін, Соғды жері, Әзірбайжанды т.б.). Қырғ.: Кокон хандығынын чегине өтіп, Лейлекке келди (Касымбеков, 2018: 94).

- *Астионимдер* – ойконимдердің бір түрі, қала атауы (Сарай қаласынан, Стамбул, Самарқанд, Сығанаққа). Қаз.: Қыпшақтар алты құлаш Шерухан бастаған бір аттанысында Чернигов қаласын алмақ болған (Есенберлин, 2014: 54). Қырғ.: Ташкенге Чырпай паша кирди... (Касымбеков, 2018: 35).

- *Комонимдер* – ауыл атауын білдіреді (Ханабад қыштағында, Ала-Бука қыштағына т.б.) Қырғ.: Эртеси күнү Ибрагим бектин башы Япан деген бир чет қыштакта алынды (Касымбеков, 2018: 95).

- *Гидронимдер*: теңіз атауы (Адриат теңізінің, Жерорта теңізі); Қырғ.: Кокондун кулачы бир жагы Вадахшан, бир жагы Жети-шаар, бир жагы Арал деуңизине жетип калган эле (Касымбеков, 2018: 50).

- *көл атауы* (Чуд көлінің, Барыс көлі, Ақкөл); Қаз.: Ақкөлдің кең алқап жазира даласы ат бауырынан келген көк шалғынға бөленген (Есенберлин, 2014: 45).

- *өзен атауы* (Ертіс өзенінің, Днепр өзеніне, Дунай өзенінен). Қаз.: Әбілқайыр Ордасы бұл кезде Кеңгір өзенінің жағасындағы Орда-Базар қаласында еді (Есенберлин, 2014: 45).

- *Агроонимдер* (базыра – меншіктеп алған егін егетін жер). Қырғ.: Эгин быша элек... Эми, алдыңда атың бар, мына бу турган базыралар бышкан ченде бир кайрыл (Касымбеков, 2018: 20).

- *Әкімшілік аймақтық бөлініс* (Ақ Орда, Алтын Орда, Көк Орда). Қаз.: «Бізге еріндер, бірігіп ел болып, қазақтың Ақ Ордасының туын қайта көтерелік» деуіміз орынды (Есенберлин, 2014: 169).

В) *Қоныс атаулары* (үй, базар, өңір, өлке, зындан, жайлау т.б.). Қаз.: Бүкіл қара бояулы үй ішінде тек түсі өзгеше осы тымақ қана (Есенберлин, 2014: 104). Сонымен қатар, түркі халықтары көшпенді өмір сүргендіктен жыл мезгілі ауысқан кезде малға қолайлы жерге көшіп отырған. Содан жазда жайлау, қыста қыстау, күзде күздеу, көктемде көктеу деген қоныс атаулары қалыптасқан. Қырғ.: Эл қыштоодон күнгөй конуштарга чыгып конгон кез (Касымбеков, 2018: 256). Қаз.: ...жайлау-қыстауына қарай одақтас жұрт болу керек екенін ұққан (Есенберлин, 2014: 95).

Г) *Діни кеңістік атаулары* (мешіт, о дүние, пейіш, қабір, жұмақ, тозақ)

Қаз.: Бірі – қабірге өлген сұлтанымен бірге бекзаданың құлын салу дәстүрі. Терең зираттың бір бүйірінен қуыс қазады (Есенберлин, 2014: 23).

Қаз.: Мұндай күнә опасыз әйелі түгіл, пейіштегі қор қызын да дарға асуға жеткілікті емес пе! (Есенберлин, 2014: 85).

Қырғ.: Ал шаарларга мечит, медресе салдырды, кайрақы жерлерге кош арык чыгартты (Касымбеков, 2018: 49).

Қырғ.: Аттиң, өмүрүнчө элдин акысын жеп дозокко кеткен жети атаңызды саал жерден бейишке тартып чыгарып коё албай калыпсыз да, бек?! (Касымбеков, 2018: 521).

Қазақ-қырғыз мұсылман елдері болғандықтан, халықтың тілінде жұмақ, тозақ, мешіт, медресе секілді діни кеңістіктер көрініс тапқан.

Ғ) *Дәстүрлі өлшем бірліктері* (құлаш, қарыс, тұтам т.б.) Ұяға міне, үш құлаш жер қалды (Есенберлин, 2014: 92).

Құлаш – халықтың төл өлшем бірлігі, әдетте қолмен өлшейді. *Екі қолды жайғандағы ұзындық*. Этимологиялық сөздік бойынша құлаш «қолды аш» деген мағынаны білдіреді (Ысқақов және т.б., 1966: 174). Ұяға шамамен үш метр жер қалды деген мағынаны меңзеп тұр.

Қарыс – бас бармақ пен ортан саусақтың аралығымен өлшенетін өлшем бірлік. Қаз.: Мына жырда басы болған, ал мына тұсы тымақ киетін жері еді дегендей, өліктің мойынынан бір жарым қарыстай жоғары Ақжолдың көк тысты құндыз тымағын қойыпты (Есенберлин, 2014: 104).

Қазақ-қырғыз тілдерінде локативтіліктің ФСӨ-нің перифериясына сөз тіркестері, тұрақты тіркестер және сөйлем кіреді.

Сөз тіркестері. Локативті сөз тіркестерінде кеңістік пен өлшем қатар жүреді. Ол сан есіммен тіркесе отырып жасалады. Мысалы, үш күндік жер, он күндік жер.

Қаз.: Оңтүстігіндегі ең жақын қала Түркістан (Яссы) солтүстігінде ең таяуы Чинга – Тұра шаһарлары, бірі Орда-Базардан жүргіш атқа он күндік, екіншісі он бес күндік жер... (Есенберлин, 2014: 78). Бұл мысал түсікті, он күн, он бес күн жүретін алыс қашықтықты айтып тұр.

Тұрақты тіркестер. Ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың танымын көрсететін сөз тіркестерінің бір түрі – тұрақты тіркестер. Тұрақты тіркестер халықтың өмір салтына немесе белгілі бір оқиғаларға байланысты пайда болған. Қазақ-қырғыз халықтары мал шаруашылығымен айналысып, өмірін ат үстінде өткізген, сондықтан да локативті білдіретін көптеген фразеологизмдер жылқы, қой сияқты үй жануарларымен байланысты. Мысалы, «бие сауымдай жер», «ат шаптырым жер», «қозы көшіндей жер» т.б. Сонымен қатар, тұрмыстық заттар, халықтық өлшеммен қатар келетін тұрақты тіркестер де бар. Кеңістік мағынасындағы фразеологизмдерді екі топқа бөлуге болады: алыс және жақын қашықтықты білдіретін тіркестер.

⇒ *Алыс қашықтықты білдіретін тұрақты тіркестер:*

Ұлын Ұрымға, қызын Қырымға – жан-жаққа, алысқа тентіретіп жіберу дегенді білдіреді.

Ат шаптырым жер – атпен шауып жетерліктей бірнеше шақырым жер.

Қаз.: Бір шеті мен бір шеті *ат шаптырым* күміс толқынды Ақкөлдің кең алқап жазира даласы ат бауырынан келген көк шалғынға бөленген (Есенберлин, 2014: 45).

⇒ *Жақын қашықтықты білдіретін тұрақты тіркестер:*

Бие сауымдай жер – бие саууға кететін уақыт мөлшері, шамамен бір сағаттық жер.

Қозы көшіндей жер – қозы жайылатындай жер, шамамен 7-8 шақырым. Аттылы үшін бұл қашықтық аз, сондықтан жақын жер саналады.

Әудем жер – дауыстап шақырса еститін қашықтық.

Оқ жете турған аралыктан – халықтық өлшем, жақын жерді білідреді. Оқ жетер қашықтық.

Таяқ тастам жер – көзге көрінетін, жақын жер деген мағына береді. Қырғыздар осыған ұқсас *таш менен урса жеткидей тіркесі бар*. Мысалы, қырғ.: таш менен урса

жеткидей жақындан түз атылған окторго калбыр болуп, бири калбай жер кучактап жыгылышты (Касымбеков, 2018: 15). Қазақ тілінде таяқ тасаса, қырғыз тілінде тас лақтырады. Екеуі де жақын қашықтықты білдіреді. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің ұқсас тұстары бар, бірақ екі халықтың дүниетанымы әртүрлі болғандықтан, тұрақты тіркестерде осындай семемалық айырмашылықтар кездеседі.

Сөйлем. Сөйлем ойды білдірудің негізгі құралы, дегенмен локативті сөйлеммен бергенде мағынасы үстеу немесе жалғаулар сияқты айқын көрінбейді, көмескілене түседі. Локатив жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлеммен де беріле береді. Жиі құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңары қайда деген сұраққа жауап береді. Мысалы, Қаз.: Сарыарқа деп аталатын Дәшті Қыпшақ жерінің дәл ортасында, Ұлытаудың күнгей жағында, Қаракеңгір өзенінің сол жақ жағасында Әбілқайыр ханның ордасы — Орда-Базар қаласы тұр (Есенберлин, 2014: 78).

Қаз.: Хан Ордасы Сарысудан Ұлытау етегіне көшіп келген (Есенберлин, 2014: 223).

Қаз.: «Қайдан келді?» (Есенберлин, 2014: 152).

Қырғ.: Эки-Суу– Арасындағы (Сыр-Дайра менен Кара-Дайранын ортосундағы) кыпчак уругуна, Ташкен багытындағы курама уругуна тили ширин элчилер барды (Касымбеков, 2018: 53).

Қырғ.: О, булуттардан нары чыктым, кең ааламды кыдырдым, күнгө жакын бардым, айды бир айланып келдим! (Касымбеков, 2018: 550).

Нәтижелер

Мақалада қазақ және қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің функционалды-семантикалық өрісі анықталды. Ол полицентрлі, ядродан және перифериядан тұрады. Ядроға морфологиялық және лексикалық бірліктер кіреді. Морфологиялық бірліктеріне септік категориясы, оның ішінде барыс, жатыс, шығыс септіктері, көмекші есімдер, үстеу, сұрау және сілтеу есімдіктері, етістіктер жатқызылды. Ал лексикалық бірліктерінде географиялық терминдер, топонимдер, діни кеңістік атаулары, әртүрлі нысан атаулары мен кеңістікті білдіретін өлшем бірліктері қарастырылды. Көмекші есімдердің толық лексикалық мағынасы жоқ болғандықтан, түбірге қосымша жалғану арқылы қолданылады. Ерекшелігі сол – түбір де, септік жалғаулары да кеңістік мағынасын береді (алд + а, арт + қа). Мақаламызда локативті білдіретін үстеудің мынадай түрлерін қарастырдық: абстрактілі, қатыстық және бағалау. Етістіктер кеңістік қатынастарды білдіру сипатына байланысты үш түрге бөлінеді, олар орналасу, қозғалыс және кеңістік қатынасты білдіретін етістіктер. «Қайда?» сұрау есімдігі бірде статиканы, бірде динамиканы көрсетеді. Барыс септігінің жалғауы жалғанса (дөңгө\дөңге) динамиканы, жатыс септігі жалғанса (дөңдө\дөңде) статиканы көрсетіп тұр. Локативтілікті білдіруде лексикалық бірліктердің маңызы зор, олар негізінен оқиға орнын атайды.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі локативтіліктің перифериясына сөз тіркестері, тұрақты тіркестер және сөйлем кіреді. Локативті сөз тіркестерінде кеңістік пен өлшем қатар жүреді. Ол сан есіммен немесе халықтық өлшем бірлікпен тіркесе отырып жасалады. Локативті білдіретін фразеологизмдер алыс және жақын қашықтықты білдіретін болып екі топқа бөлінеді. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің ұқсас тұстары бар, бірақ екі халықтың дүниетанымы әртүрлі болғандықтан, тұрақты тіркестерде семемалық айырмашылықтар кездеседі. Локативтілік жай сөйлеммен де құрмалас сөйлеммен де беріледі, бірақ басқа бірліктерге қарағанда сөйлемде локатив мағынасы көмескі болып келеді. Екі тілді салыстыра айтсақ, қазақ-қырғыз тілдеріндегі

локативтіліктің ФСӨ-ін білдіретін тілдік бірліктер бірдей, өрістер құрылымы жағынан ұқсас. Алайда екі халықтың танымы әртүрлі болғандықтан, кей тіркестер мағыналық жағынан айырмашылыққа ие.

Қорытынды

Қоршаған әлем адам санасында өмір сүру салты, әрекеті, қарым-қатынасы арқылы көрінеді. Ал санада қалыптасқан барлық ұғымдар тілде сақталады, сәйкесінше локативтілік те тіл арқылы беріледі. Локативтілік барлық ұлтқа тән әмбебап категория, бірақ әр халықтың танымында әртүрлі көрініс тапқан. Туыстас тіл болғандықтан, қазақ-қырғыз тілдеріндегі локативтілікті білдіретін тілдік бірліктер, олардың қызметі, берілу тәсілдері ұқсас. Алайда ядрода сәйкес тұстары көп болғанмен, периферияда айырмашылықтары бар.

Әдебиет

Ахметжанова З.К., 1989. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. Алма-Ата: Наука. 108 с.

Бондарко А.В., 1996. Теория функциональной грамматики. Локативность. Бытийность. Посессивность. Обусловленность. Наука. 229 с.

Бондарко А. В., 2001. Основы функциональной грамматики: языковая интерпретация и идеи времени. Санкт-Петербург: Изд-во С.-Петербург. Ун-та. 257 с.

Бондарко А.В., 2001. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. 2-е изд. Москва: Эдиториал УРСС. 208 с.

Бондарко А.В., 2005. Проблемы функциональной грамматики. Полевые структуры. Санкт-Петербург: Наука. 478 с.

Боровикова Н.А., 1989. Полевые структуры в системе языка. Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та. 197 с.

Гухман М.М., 1971. Единицы анализа словоизменительной системы и понятие поля // Фонетика. Грамматика. Москва. С. 163-170.

Есенберлин І., 2014. Көшпенділер. Алматы: Көшпенділер. 892 б.

Жолшаева М.С., 2016. Қазақ тілі: функционалды грамматика. Алматы: «Print Word» баспасы. 137 б.

Касымбеков Т., 2018. «Сынган кылыч». Тарыхый роман. «Окурмандын китеп текчеси» сериясы: 39-том. Б.: «Турар». 692 б.

Кубрякова Е.С., 1997. Язык пространства и пространство языка (к постановке вопроса) // Известия РАН. Серия литературы и языка. Т. 56. № 3. С. 22-31.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS. 738 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. 2011. Алматы. 744 б.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, 1966. Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. 240 б.

Лингвистический энциклопедический словарь, 1990. Москва: Советская энциклопедия. 673 с.

Мещанинов И.И., 1945. Члены предложения и части речи. Москва: Ленинград. 140 с.

Сарсеке Г., 2011. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Павлодар: ПМПИ баспасы. 187 б.

Шаймердинова Н.Г., 2002. Средства выражения времени в русском и казахском языках (функциональный аспект). Астана. 140 с.

Шаймердинова Н.Г., 2019. «Киргизско-русский словарь» (1987): культурные и языковые экспликации. *Turkic Studies Journal*. 1 (Т. 1). 2019. P. 73-88.

Ярцева В.Н., 1985. Проблемы функциональной грамматики. Москва: Наука. 198 с.

Reference

Ahmetzhanova Z.K., 1989. Funkcional'no-semanticheskie polja russkogo i kazahskogo jazykov [Functional-semantic fields of the Russian and Kazakh languages]. Alma-Ata: Nauka. 108 p. [in Russian].

Bondarko A.V., 1996. Teoriya funkcional'noj grammatiki. Lokativnost'. Bytijnost'. Possessivnost'. Obuslovlennost' [Theory of Functional Grammar. Locativity. Existence. Possessivity. Conditionality]. Nauka. 229 p. [in Russian].

Bondarko A. V., 2001. Osnovy funkcional'noj grammatiki: yazykovaya intepretaciya i idei vremeni [Foundations of Functional Grammar: Linguistic Interpretation and Concepts of Time]. Sankt-Peterburg: Izd-vo S. -Peterb. Un-ta. 257 p. [in Russian].

Bondarko A.V., 2001. Principy funkcional'noj grammatiki i voprosy aspektologii [Principles of Functional Grammar and Issues of Aspectology]. 2-nd ed. Moskva: Editorial URSS. 208 p. [in Russian].

Bondarko A.V., 2005. Problemy funkcional'noj grammatiki. Polevye struktury [Problems of Functional Grammar. Field Structures]. Sankt-Peterburg: Nauka. 478 p. [in Russian].

Borovikova N.A., 1989. Polevye struktury v sisteme yazyka [Field Structures in the System of Language]. Voronezh: Izd-vo Voronezhskogo un-ta. 197 p. [in Russian].

Guhman M.M., 1971. Edinicy analiza slovoizmenitel'noj sistemy i ponyatie polya. Fonetika. Grammatika [Units of Analysis of the Inflectional System and the Concept of Field. Phonetics. Grammar]. Moskva. P. 163-170. [in Russian].

Esenberlin I., 2014. Koshpendiler [Nomads]. Almaty: Koshpendiler. 892, [3] p. [in Kazakh]

Zholshaeva M.S., 2016. Kazak tili: funkcionaldy grammatika [Kazakh language: functional grammar]. Almaty: «Print Word» baspasy. 137 p. [in Kazakh]

Kasymbekov T., 2018. «Syngan kylych [Broken Sword]». Taryhyj roman. «Okurmandyn kitep tekchesi» seriyasy: 39-tom. B.: «Turar». 692 p. [in Kyrgyz]

Kubryakova E.S., 1997. Yazyk prostranstva i prostranstvo yazyka (k postanovke voprosa) [Language of Space and Space of Language]. Izvestiya RAN. Seriya literatury i yazyka. T. 56. № 3. P. 22-31. [in Russian].

Kazaktyn etnografialyk kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli jujesi [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names], 2011. Enciklopediya. 1-tom. Almaty: DPS. 738 p. [in Kazakh].

Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomdyk [In fifteen volumes]. 2-tom. 2011. Almaty. 744 p. [in Kazakh].

Kazak tilinin kyskasha etimologiyalyk sozdigi [A short etymological dictionary of the Kazakh language], 1966. Almaty: Kazak SSR-nyn «Gylım» baspasy. 240 p. [in Kazakh].

Lingvisticheskij enciklopedicheskij slovar' [Linguistic Encyclopedic Dictionary], 1990. Moskva: Sovetskaya enciklopediya. 673 p. [in Russian].

Meshchaninov I.I., 1945. Chleny predlozheniya i chasti rechi rechi [Members of the sentence and parts of speech]. Moskva: Leningrad. 140 p. [in Russian].

Sarseke C., 2011. Kazak tilinin funkcional'dy grammatikasy [Functional grammar of the Kazakh language]. Pavlodar: PMPI baspasy. 187 p. [in Kazakh].

Shajmerdinova N.G., 2002. Sredstva vyrazheniya vremeni v russkom i kazahskom yazykah (funkcionalnyj aspekt) [Means of expressing time in Russian and Kazakh languages (functional aspect)]. Astana. 140 p. [in Russian].

Shajmerdinova N.G., 2019. «Kirgizsko-russkij slovar'» (1987): kul'turnye i jazykovye jeksplikacii [«Kirghiz-Russian Dictionary» (1987): Cultural and Linguistic Explanations]. Turkic Studies Journal. 1 (T. 1). 2019. P. 73-88. [in Russian].

Yarceva V.N., 1985. Problemy funkcionalnoj grammatiki [Problems of functional grammar]. Nauka. 198 p. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Ласло Кароли, PhD, түркі тілдері кафедрасының профессоры, Уппсала университеті, Engelska parken, 3H, Уппсала қаласы, Швеция.

ORCID: 0000-0001-7723-1171

Айсұлу Исакова, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтпаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5086-2191>

Information about authors:

Laszlo Karoly, PhD, Professor, Department of Turkic Languages, Uppsala University, 3H Engelska parken, Thunbergsvägen, Uppsala, Sweden.

ORCID: 0000-0001-7723-1171

Aisulu Isakova, Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5086-2191>

Сведения об авторах:

Ласло Кароли, PhD, профессор кафедры тюркских языков, Уппсальский университет, Английский парк, Thunbergsvägen, 3H, Уппсала, Швеция.

ORCID: 0000-0001-7723-1171

Айсұлу Исакова, докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5086-2191>